

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Ыйым беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебі
Топ: «Еркетай» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Бекітемін
Мектеп директоры
К.Кушенов



Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	-Қол мен аяқ кимылдарын үйлестіру. еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту, 1–1,5 минут ішінде бау қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. -Ежеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру -Жағтығуларды заттармен және заттарсыз орындау, Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, таты басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. -таза ауада балалардың кимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау

Сөйлеуді дамыту	- белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. - Үлкендерді сыйлауға, дастархан басында едептілікті сақтауға баулу. - етістіктерді бұйрық райымен колдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір) - Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету
Көркем әдебиет	- Кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аккөңіл-салмақты) ынталандыру. - Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу - Шығарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтуға баулу. - Жанылппаш жаттауға баулу
Математика негіздері	- Сан, санау: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. - Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. - Геометриялық пішіндер: ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тен).
Қоршаған ортамен таныстыру	- Бала, оның отбасы, үйі: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтанғыш сезімін білдіру. - Заттық әлем: Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. - Еңбекке баулу: Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диканның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.

	-Жолда жүру ережелері: Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.
Құрастыру	-Қағаздан құрастыру:«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. -Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сурет салу	-Сурет салуда еңкеймей, арканы тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
Мүсіндеу	-Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	-Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау
Музыка	-Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және кимылдармен сүйемелдеу, -Әндігі сөздерді анық таза айтауға дағдыландыру -Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. -Қазактың ұлттык би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.